

«ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»: МАҚСАТ – ХАЛЫҚҚА ӨРКЕНИЕТ ИГІЛІКТЕРІН ҚОЛЖЕТІМДІ ЕТУ



**Мәрзия
Дүйсебаева,**

«Құжат айналымы мәселелері» журналының
бас редакторы

Бүгінгі таңда Қазақстанның алдында әлемдегі ең үздік дамыған 30 елдің қатарына кіру міндеті тұр. Осы мақсатқа жету үшін алдымен жаңаша инновациялық даму және жеделдетілген технологиялық жаңаруға қатысты бастамаларды қолға алып, озық тәжірибеге негізделген мемлекеттік басқару мен ұлттық экономиканың басымдықтары мен өсу драйверлерін орнықтыру қажет. Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірі аталған қазіргі заманда көштен қалмау үшін пайда болып жатқан өзгерістерді барынша шапшаң түрде қолданысқа енгізе берген жөн. Тек сөйткен күнде ғана елдің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мүмкіндігі ашылмақ. Уақыттың осындай талаптарына сай түрде мемлекет басшылығы цифрландыруға негізделген Үшінші жаңғырту шеңберінде Қазақстандағы мемлекеттік басқару мен экономиканы ілгерілету ісінің сапасын жаңа бір биіктікке көтеру бағытын белгілеп берді. Ал енді тоқетерін айтқанда, әлемдегі ең үздік дамыған 30 елдің біріне айналу үшін Қазақстанның цифрлық бәсекеге қабілеттілік бойынша алғашқы 30 мемлекеттің қатарына ену мақсатын жүзеге асыруы қажет. Бұндай міндет те мемлекетіміздің күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылатынын айтуымыз керек. Үкімет тарапынан осы бағытта көптеген ауқымды шаруалар қолға алынып жатыр. Олардың бәрі салған жерден тура сол ойлағандай болып, мейілінше табысты түрде жүзеге асып жатыр десек, артық айтқан болар. Бірақ жақсы боларына сеніп жақсы ойлау қажет-ақ. Халқымызда «Көш жүре түзеледі» деген сөз бар ғой.

Қазіргі кезде Қазақстанда мемлекеттік және жергілікті басқару жүйесі мен ұлттық экономиканы сандық (цифрлық) негізге көшіру ісінің барған сайын артып келе жатқан маңыздылығына мейілінше көп мән беру әлемдік аренада еліміздің өзінің және оның экономикасының нығаюы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етудің басты кепілі болып табылады. Бұл мақсатты жүзеге асырудың негізгі құралы — «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Осы бір ұзақ мерзімдік жоспар біздің мемлекетімізде жаңа технологияларды әзірлеудің және оларды қолданысқа бейімдеудің негізгі қозғаушы күшіне айналады. Оны жүзеге асыру мақсаты ауқымында екі басты бағыт айқындалды. **Біріншісі** — цифрландыру процесінің тұрақты және үстемелі қарқынмен жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында ұзақ мерзімді инновациялық даму институттарын құру. **Екіншісі** — мемлекеттік басқару жүйесі мен ұлттық экономиканың жалпы-әлемдік үрдіс көшінің алдыңғы қатарынан көрінуіне жол ашуды көздейтін бағдарламаның прагматикалық түрде басталуын және бірте-бірте қарқынын үдете беруін қамтамасыз ету.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының орындалуы нәтижесінде өндірілген жалпы экономикалық тиімділік оны іске қосудың алғашқы екіжылдығы барысында — 2018 және 2019 жылдары — 600 миллиард теңгеден асты. Аталмыш кезеңде мемлекеттік қызметтерді ұсыну, білім беру, денсаулық сақтау, қаржы, көлік және тау-кен металлургиясы салаларында цифрлық технологияларды енгізу бойынша айтарлықтай елеулі жетістіктерге қол жеткізілді. Өткен 2020 жылы коронавирус карантинінің басталғаны белгілі. Бірақ осы дерттің таралуынан туындаған қиындықтар цифрландыру ісінің өрбуіне жаңа бір өзіндік серпін берген сияқты. Өйткені қалай дегенде де, пандемия тіпті инновацияға онша дайын емес деп есептелетін салалардың өзіне цифрлық технологиялардың енуін жеделдетуге себепші болды. Бұл ешбір құпия емес. Жалпылама қауіп бұлты үйіріліп, белгісіздік күйі орнаған күтпеген жағдайда түрлі отандық ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар жаңа болмысқа бейімделудің пәрменді тәсіліне бет бұрып, сандық технологияларға негізделген жобаларды үстемелете дамыту жолына түсті. «Ақылды» технологиялар рөлі қашықтық режиміне қысқа мерзімде бейімделу қажеттігі жағдайында мейілінше артып шыға келді. Ауқымды-ауқымды деректер жиынтығын цифрлық технологиялар негізінде талдап саралау, сенсорлы жабдықтардың мүмкіндіктерін кеңірек пайдалану қажеті іс-әрекеттерді барынша тез және оңтайлы түрде жүргізіп, уақытылы шаралар қолдануға және орындау процестеріне тиісті түзетулер енгізуге қол жеткізді. Осының бәріне елімізде мемлекетіміздің «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруды қолға алуы өз септігін тигізді десек, артық айтқан болмас. Бірақ мұнымен тоқтап қалуға болмайды.

Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі 2021–2022 жылдары осы мақсаттарға шамамен 6,7 миллиард теңге бөлуді жоспарлап отыр. Оның ішінде 3,3 миллиард теңге үстіміздегі 2021 жылы іске жаратылмақ көрінеді. Алдыңғы екі жыл барысында аталмыш мақсатқа арналған қаржы көлемі 5 миллиард теңгені құраған еді. Оның 3,4 миллиард теңгесі «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020–2024 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» бұйрығы шыққан соң, яғни өткен 2020 жылы бөлініп игерілген. Осының өзінен сандық технологияларға негізделген инновациялық дамуды тікелей қолдауға арналған қаржы көлемінің барған сайын артып келе жатқанын көреміз.

Аталмыш министрлік осы қолға алынған бағдарламаның арқасында стартаптарға тартылатын инвестициялардың үлесі өткен 2020 жылғы

22,6 пайыздан 2021 жыл барысында 53,5 пайызға дейін өседі, яғни басқаша айтқанда екі есеге дейін артады деп жобалап отыр. Осы орайда Қазақстанның жалпы ішкі өнімі құрамындағы инновациялық өнімнің салмағы 2022 жылы 2,6 пайызға жетеді деп күтілуде. Оның үстіне Қазақстандағы инновациялық қызметті ынталандыруға 37 миллион теңге жұмсау көзделген. Сонымен қатар «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2021-2022 жылдары стартаптарға 67 миллиард теңге инвестиция тарту және 2022 жылы 300 мың жұмыс орнын құру жоспарда бар. Яғни осы үрдіс барған сайын екпін алып, жеделдей түсетін болса керек. Жалпы алғанда, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатына тікелей қаржыландыру негізінде 2021 жылы 20,9 миллиард теңге, 2022 жылы 19,2 миллиард теңге бөлу жоспарланып отыр.

Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне осы бағыттағы бүкіл іс-әрекетке мұрындық болып, соған қатысты жағдайды мемлекет атынан өз бақылауында ұстау міндеті жүктелген. Бұл ведомствоның есебі бойынша, цифрландыру ісі республика ауқымында екі басты бағыт бойынша жүзеге асырылмақ. Олардың **біріншісі** — мемлекеттік басқару жүйесі. Ал **екіншісі** — квазимемлекеттік сектор субъектілері. Мемлекет атынан әрекет ететін үкімет әлі де болса экономикадағы жұмыс орындарының басым көпшілігі үшін жауапкершілікті болғандықтан, осы орайда алдымен өнімділіктің артуына баса назар аударылатын болады.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының басты мақсаты даму қарқыны жалпылама экономикалық даму қарқынынан асып түсетіндей сандық экономиканың негізін қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқару жүйесі мен ел қоғамының жаңаша инновациялық дамуға және жеделдетілген технологиялық жаңаруға сай қалыптасып жатқан заман талабына бейімделу деңгейін арттыру. Осы міндеттер өзара байланысты түрде жүзеге асырыла беруге тиіс. Қатардан қалуға болмайды. Әлем бойынша цифрландыру үрдісі барған сайын қарқын алып, ілгерілеп барады. Мемлекеттік жүйені, қатардағы азаматтарды және жалпы қоғамды түгелдей оның талабына бейімдеу Қазақстан мемлекетін бүгінгі жаһандық бәсекелестікке барынша ыңғайлау дегенмен пара-пар болса керек.

Осы мақсат турасында жүзеге асырылып жатқан істер мен аралық кезеңде қол жеткен табыстар туралы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин өзінің мамыр айының орта шенінде ұйымдастырылған халық алдында есеп беру кездесуі кезінде барынша мұқиятты түрде баяндап берді. Осы шара барысында ол алдымен Қазақстандағы цифрландыру үрдісі мен байланыс сапасын арттыру, мемлекет қызметі сапасын жақсарту мәселесіне тоқталып, сонан соң жүзеге асқан жобалар мен орындалуы көзделіп отырған жоспарлар туралы сөз қозғады. Бағдат Мусин өзі басқарып отырған мекеменің халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді дамыту мен олардың қатарын кеңейтуге, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және интернеттің сапасын арттыруға қатысты түрде орасан зор жұмыс атқаруға бел буып отырғанын атап көрсетті. *«Біздің мақсат-міндетіміз айқын — ол қарапайым халық үшін өркениет игіліктерін қолжетімді ету. Біз банк қосымшалары негізінде қызмет ұсына бастағанда, қазақстандықтар бұл қадамымызды жақсы қабылдады. Осы жерде тағы да айта кетейін, банк қосымшалары — бұл тек қана сервис (фронт), ал барлық мәліметтер мемлекеттік сервистерде сақталады. Бұл тұрғыда ақпарат қауіпсіздігі толықтай қамтамасыз етілген».*

Еліміздегі цифрландыру шарасының басты мақсаттарының бірі — мемлекет тарапынан азаматтарға көрсетілетін қызметтердің орында-



луын оңайлату және жеделдету. Қазіргі таңда осыған қатысты көптеген өзгерістер пайда болды және бұлардың көбі жалпы халық үшін тез арада-ақ үйреншікті болып алды. Мәселен, бұрындары төлқұжат алу немесе оны ауыстыру ісі қаншама уақыт пен жүрісті қажет ететін, ал қазір бұл шаруа Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚО-ға) барсаңыз болды, оп-оңай-ақ орындалады. Ондай салыстырмалы мысалдарды көптеп келтіруге болады. Және олар біздің бәрімізге белгілі ғой. Енді қазір қазақстандық азаматтар үшін түрлі мемлекеттік қызметтерге сол ХҚО-ға бармай-ақ қол жеткізу мүмкіндіктері көптеп жасалып жатыр. Мәселен, eGov mobile қосымшасы арқылы цифрлық құжаттардың 15 түрі ұсынылады, қазірдің өзінде 800 мыңнан астам адам осы сервистің игілігін көріп үлгерген екен. Қазақстандық азаматтар цифрлық құжаттарды нотариуска, ХҚО-ға барғанда, сондай-ақ Нұр-Сұлтан – Алматы немесе Алматы – Нұр-Сұлтан бағытымен әуе жолы арқылы сапарға шыққанда пайдалана алады. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жуырда басқа да жаңа мүмкіндіктерді жария ететіні туралы хабар таратты.


Бүгінде мемлекеттік қызметтердің, яғни мемлекет тарапынан халыққа қызмет көрсету түрлерінің 90 пайызы электрондық форматқа көшірілген. Бұл ауыз толтырып айтуға тұрарлық көрсеткіш болса керек. Бірақ сандық немесе мөлшерлік жетістіктердің сапалық жетістіктерге сай болмай жататын тұстары да табылады. Бұны да ескермеуге болмайды. Сондықтан ендігі жерде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру барысын сандық (мөлшерлік) өлшемдерден гөрі сапалық өлшемдерге көбірек негіздеуге бет бұру қажеттігі күн тәртібіне қойылмақ. Бір сөзбен айтқанда, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі басшылығының пікірі «санға емес, сапаға қарайтын кез келді» дегенге саяды. Және де бұл құр сөз емес. Министрлік мемлекет тарапынан халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру мақсатында олардың ішіндегі ең көп сұранысқа ие болғандарын сыртқы, яғни осы күнге дейін өздерін жақсы жағынан көрсете алған жекеменшік иелігіндегі платформаларға ауыстыруға кірісті.

Бұлардың қатарында «Халық банк», «Каспий банк», АІТУ және басқа да сол сияқты құрылымдар бар.

«Электрондық үкімет» порталындағы Бірыңғай байланыс орталығының 1414 нөміріне тегін қоңырау шалып, жауап қатқан оператордан электрондық цифрлық қолтаңбаны алу (ЭЦҚ), порталда тіркеу, ЖҚЕ айыппұлдарын төлеу, мемлекеттік органдарға электрондық өтініштерін беру, электрондық лицензиялар алу, нотариустардың жеке кабинетте жұмыс жасау, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ қызметері бойынша консультация алуға болады. Осы мүмкіндікті пайдаланушылардың көптеп табылатыны айтпаса да түсінікті болса керек. Солардың тарапынан кейде «жауапты көп күттіреді» дегендей сөздер де айтылатын. Қазір осы сын ескеріліп, күту уақыты 100 секундқа дейін қысқартылған. Бұл көп дегенде бір жарым минуттай күтесіз деген сөз ғой. Оның да кейбір адамдарға көп болып көрінуі мүмкін. Сондықтан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басшылығы бірыңғай байланыс орталығының 1414 нөміріне тегін қоңырау шалатын азаматтардың жауапты күту уақытын мамыр айының аяғына дейін 30 секундтан аспайтындай қылып қысқартамыз деп отыр. Бұл дегеніңіз — жарты минутқа пара-пар.

Сонымен қатар «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына қарасты бірыңғай байланыс орталығының 1411 нөміріне тегін қоңырау шала отырып, кез келген оператордан зейнетақы мен жәрдемақы, көп балалы отбасының мемлекеттік жәрдемақысы, атаулы әлеуметтік көмек, әлеуметтік қызметтер порталы, еңбек қатынастары және халықты жұмыспен қамту, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған адамдарға онлайн-психологиялық консультация мәселелері бойынша, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органның құзыретіне енетін өзге де мәселелер бойынша және халыққа ақпараттық-кеңес беруге өтінімдер қабылдау мәселелері бойынша кеңес алуға болады.

Халқымызда «Заманың түлкі болса, тазы боп қу» деген де сөз бар. Қазіргі уақытта коронавирустың таралуына қарсы күрес жүргізу және сол инфекцияны жұқтырып алмаудың амалдарын жасау — мемлекетіміздің күн тәртібіндегі басты мәселелердің бірі. Цифрландыруды жүзеге асыру үшін жауапты мемлекеттік орындар осы шараға мейлінше белсенді түрде атсалысып отыр. Бұның бір дәлелі — вакцинациялау паспортының тез арада қолданысқа енгізілуі. Оны екінші рет егілгеннен кейін алуға болады. Дәлірек айтқанда, ондай құжат сол адамның смартфонындағы eGov mobile қосымшасына келіп түсуі керек. Бұл үшін сондағы цифрлық құжаттар базасын жанартуды ұмытпау қажет. Вакцинациялау паспорты үш тілде — қазақша, орысша және ағылшынша — толтырылады. Соның арқасында оны ел сыртына шыққанда да, яғни шетелге барғанда да пайдалануға болады.



Вакцинациялау паспорты бар болған жағдайда коронавирускa тест тапсырып, нәтижесін күтудің қажеті жоқ.

Сонымен қатар осы жағдайға байланысты әлемдік тәжірибеге негізделген «Ashyq» мобильді қосымшасы іске қосылды. Оны отандық ІТ-компания дайындаған. Бұл қосымшаны пайдалану кәсіпкерлерге де, жеке азаматтарға да тиімді болмақ. Өйткені ол халық кіріп-шығатын нысандарға шектеу шараларына қарамастан жұмыс істеуге мүмкіндік береді, ал жеке адамдарға сонда баруға жол ашады. Бұл қосымшаның мүмкіндігін пайдалана алатындай болу үшін кәсіпкерлердің алдымен «info.kazakhstan» сайты арқылы өтініш түсіруі қажет.

Нәтижесінде олардың әрқайсысы өзінің кәсіпкерлік нысанының кіреберісіне QR код жүйесін орнату мүмкіндігіне ие болады. Ал шектеу шараларына қарамастан, сонда барам деген жеке адамның смартфонында міндетті түрде «Ashyq» мобильді қосымшасы бар болуы керек. Ал жоқ болса, ол соны жүктеп, нөмірі бойынша тіркелуі тиіс. Бұдан соң ол адам QR-кодты сканерлеп, ЖСН нөмірін енгізеді. Сол кезде 4 түстің біреуі жанады. Әлгі адам ПТР тест тапсырмаған және вирус жұқтырмаған болса — көк көрсеткіш, ПТР тест тапсырып, теріс нәтиже алған болса — жасыл көрсеткіш жанады. Ал ол науқастармен байланыста болған жағдайда — сары көрсеткіш, коронавирус жұқтырған жағдайда — қызыл көрсеткіш жанады.

Осы соңғы мысалдың бір өзі-ақ отандық ІТ-компаниялар мен стартаптардың «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы мақсаттарының орындалуына қосар үлесінің мол болуға тиіс екенінің нақты дәлелі болса керек. Қазақстан үшін бұл жаңа бағыт қой. Сондықтан ол мемлекет тарапынан қолдауды қажет етеді. Қазақстан үкіметі бұны жақсы түсінеді және осы орайда қолдан келетінді жасап жатыр десе болады. Биылдан бастап ІТ-компаниялардың ІТ-қызметтерін экспорттау кезіндегі шығындарының өтемін қайтара алуы үшін біраз жұмыстар қолға алынып жатыр. Нәтижесі болады деп күтілуде. Сонымен қатар ІТ-компаниялар өз бизнестерін дамытуға «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие ала алады. Ол бойынша пайыздық төлем мөлшерлемесі жылдық есеппен 6 пайыздан аспайды. Бұл көп жеңілдік деп қаралуға тиіс. Мемлекет ІТ-нарықты дамыту бағытында да қолайлы жағдай қалыптастыруға күш салып жатыр. Инновациялық гранттар беру үрдісі жаңартылып, пилоттық шара ұйымдастырылды. Екі аптаның ішінде оған қатысты 660 өтінім келіп түскен. Бұл — рекордтық көрсеткіш. Нәтижесінде 5 стартап қаржыландырылатын болды.

Цифрлық технологиялардың одан әрі қолданысқа енгізіліп, мемлекет пен қоғам тірішілігі ауқымында интеграциялануы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге аса қабілетті 30 елдің қатарына енуі үшін және қазақстандықтардың әл-ауқаты деңгейін көтеру үшін өте маңызды. Алда істеуді қажет ететін шаруалар жетіп артылады. Сандық бәсекеге қабілеттілікті көрсететін негізгі әлемдік рейтингтерде Қазақстан әлі де болса жоғары жаққа қарай қарқынды түрде ілгерілей алмай жүр. Оған себеп — отандық корпоративтік сектордың цифрлық технологияларды енгізу турасында әзірше қажетті биіктіктен көріне алмауы. Бұл олқылықты цифрлық технологияларды жаппай енгізуге ынталандыру жүйесін бұрынғыдан бетер жетілдіре түсу арқылы түзеу көзделіп отыр. Осындай мақсат ауқымындағы негізгі басымдықтар — нормативтік-құқықтық базаны жетілдіре түсу және цифрлық жобаларға инвестицияларды тарту үшін арнайы және мейілінше қолайлы жағдайлар қалыптастыру. Алдағы екі жылдық кезең барысында Қазақстанның инновациялық дамуына ауқымды түрде қаражат бөлу көзделіп отыр. Бір сөзбен айтқанда, атқарылған жұмыстар аз емес, алда қыруар істер күтіп тұр.